

Ж.Қ. Смағұлов¹, К.К. Бажикеев²¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;²Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қазақстан
(E-mail: jandosmagulov@mail.ru)

Тәуелсіздік жылдарында әдебиет тарихын жаңаша зерделеу мен дәуірлеу мәселелері

Еліміздің тәуелсіздік алуы бүкіл рухани-мәдени болмысымызды, әдебиетіміз бен тарихымызды жаңа арнаға бұрды. Тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиеттану ғылымы да тың соқпаққа түсіп, бұрынырақта жіберген қателіктердің орнын толтыруға кірісіп кетті. Төл әдебиетіміздің тұтас тарихын бүгінгі уақыт тұрғысынан қайта бағамдау мен дәуірлерге бөлу қазақ әдебиеттану ғылымының маңызды мәселесіне айналды. Әдебиетші-ғалымдардың зерттеулері мен жаңаша ізденістері, тың көзқарастары негізінде қазақ әдебиетінің түпкі арналары айқындалып, әдебиет тарихының түрлі кезеңдері мен оның негізін құраушылар әдебиеттің өз заңдылығына сай сараланып, байыпталды. Мақалада әдебиет тарихын дәуірлеу мен кезеңдерге бөлуге қатысты С. Қирабаев, Т. Кәкішев, М. Мырзахметов, А. Қыраубаева, Т. Еңсегенұлы, И. Нұрахмет сынды әдебиеттанушылардың тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулері мен соны ізденістеріне баға беріліп, талданды. Жаңа дәуір талабына сай қазақ әдебиеті тарихының көптомдығын жасауды мақсат еткен, бір топ әдебиетшілердің құрастыруымен жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» он томдығының әдебиет тарихының сан алуан кезеңдері мен өкілдерін қамту мен бағалаудағы рөлі, жеткен жетістігі мен жіберген кемшіліктері мақалада кеңінен қарастырылды.

Кілт сөздер: әдебиеттану, әдебиет тарихы, әдеби мұра, дәуірлеу, архетип, хронология, әдебиеттің түп-тамыры.

Әдебиеттану ғылымының ең басты міндеті — әдебиеттің бар-жоғын түгендеп, жеткен жетістіктері мен жетпей жатқан жерлерін саралап, халықтың рухани қажеттілігін өтеу жолында оқырманға ғылыми негізді жол сілтеп отыру. Десек те бұл міндетті атқару оңай шаруа емес. Оқырманның әдебиет мұхитының ішінен жол тауып жүруіне, іздегенін тауып алуына көмектесетін бірден бір көмекші әдебиеттану болғандықтан да, бүкіл әдебиетті тарихи тұрғыдан ғылыми жүйеге түсіріп, дәуірлеудің маңызы зор. Әдебиеттану ғылымы дамыған сайын оның әдебиет тарихы да тереңдей түсіп, оны ғылыми негізді кезеңдерге бөліп қарастыру талабы да күшейе түседі. «Алдымен, әдебиет тарихын қалай жасау керек мәселесі көтеріліп, талқыланып, енді сол айтылған пікірлерді жинақтап, түркі халықтары әдебиетінің толыққанды ортақ тарихын жасау күн тәртібінде тұр» [1].

Әдебиеттің ғылыми негізді академиялық тарихын жасау жөніндегі алғашқы тәжірибелер қыркыншы жылдардан бастап көріне бастады. Алпысыншы жылдары үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» (1960–1967) шығуы қазақ әдебиеттану ғылымының айтулы табысына айналды. Республика Ғылым академиясы ғалымдарының көп жылдық ұжымдық ізденістерінің нәтижесі — үш томдықтың біріншісі ауыз әдебиетіне, екіншісі әдебиет тарихына, үшіншісі кеңес әдебиетіне арналған. Әр том қалың екі кітаптан тұрады.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғалымдарының қатысуымен қазақ, орыс тілдерінде дайындалған бұл «Қазақ әдебиеті тарихының» академиялық көптомдықтары қазақ әдебиеттану ғылымының биіктей бастаған өресін байқатқан елеулі еңбек ретінде бағаланды. Десек те академиялық зерттеулерге қойылатын биік талаптар тұрғысынан келгенде, сол кездегі саяси өмірдің, идеологияның әсерінен, әдебиеттану ғылымы басшылыққа алған әдіснамалық негіздерінен туындаған зерттеу әдістерінің әлсіздігінен, жетілмегендігінен туындаған бірсыпыра жетіспеушіліктерді байқау қиын емес. Әдебиет тарихының басты міндеті өзі қамтып отырған дәуірді барынша толығырақ қамтып, оның басты даму жолдарын, негізгі бағыттарын көрсетуге тиіс болса, бұл көптомдықтар мұндай биік талаптарға тұтастай жауап бере бермейді. Таптық ілімге негізделген екі түрлі мәдениет концепциясына сүйенудің барысында тек бұқарашыл бағыттағы әдебиет қана қамтылып, біржақтылыққа ұрынған. Қазақтың аса бай ауыз әдебиеті мен әдеби мұрасы, оның аса көрнекті өкілдері осындай себептермен «Қазақ әдебиетінің тарихына» енбей қалған. Тәуелсіздік кезінде қазақ әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, бүгінгі күннің рухына, талаптарына сай келетін көп томдық әдебиет тарихын жасау міндеті күн тәртібінен түспеді. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары қолға алған бұл аса ауқымды да маңызды жұмысты екі мыңыншы жылдары жарық көрген он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атқарып шықты.

Жаңадан шыққан он томдықтың басты құндылығы – мұнда қазақ халқының ғасырлар бойғы рухани дамуында жинақтаған әдеби мұрасының тұңғыш рет тұтастай ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, ұлттық мүдде, көзқарас тұрғысынан саралануы болды.

Он томдықтың біріншісі қазақ фольклорына арналған. Жалпы редакциясын С.Қасқабасов басқарған ауыз әдебиетіне арналған кітапта біраз жаңалықтар байқалады. Соның ең бастысы, бұрынғы зерттеулерде қазақ ауыз әдебиеті негізінен жанрлық жүйе бойынша зерттелініп келсе, мұнда алғаш рет қазақ фольклоры хронологиялық қағидамен даму үстінде тарихи тұрғыдан қарастырылды. Қазақ фольклорының тарихы үш дәуірге жіктелген: «Ежелгі заманғы рухани мәдениет», «Орта ғасырлардағы фольклор», «Жаңа дәуірдегі фольклор». Әр бөлім іштей тағы да тарауларға бөлінеді. Бірінші бөлімде «Еңбек фольклоры», «Ғұрыптық фольклор», «Байырғы фольклор» тараулары орын алған. Әр тарау тағы да іштей жанрлық жағынан түрленген.

Қазақ фольклористикасына арналған томның басты жаңалығы – оны хронологиялық тұрғыдан даму үстінде қарастыруы ғана емес, сонымен бірге оларды тағы да тақырыптық жағынан бөліп, іштей жанрларға жіктеуі. «Ғұрыптық фольклор» аталған екінші тарау маусымдық, отбасылық, магиялық болып, олар ары қарай жанрлық түрлерге бөлінген. Еңбекте бұрын жеке жанр ретінде аталмай, зерттеу нысанына айналмай келген ауыз әдебиетінің бірсыпыра түрлері еңбекте зерттеу нысанына айналған. Мысалы, отбасылық ғұрып фольклоры үйлену, балалар, жерлеу ғұрып фольклоры, ал магиялық арбау, жалбарыну, алғыс, бата, қарғыс, ант, бәдік, бақсы сарыны болып жіктелген. Ал «Байырғы фольклордың» миф, хикая, этиологиялық ертегі, қиял-ғажайып ертегі, көне эпос, жұмбақ түрлері ажыратылған.

«Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томы ежелгі дәуір мен орта ғасырлар әдебиетіне арналған. Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуіріне арналған екінші том Геродоттың еңбектеріндегі біздің заманымыздан 1500 жыл бұрын өмір сүрген «тарихта есімі сақталған тұңғыш түрік патшасы» Тарғытай, бейбіт жатқан елді шапқан парсы елінің патшасы Кирдің басын кесіп, адам қанына толы меске салып жазалаған Тұмар ханым, шапқыншылығын қоймаған парсы елінің тағы бір патшасы Дарийді алдап, қалың құмның ішіне адастырып, шөлден қырған Шырақ батыр батыр туралы бізге жеткен деректерді, дастандарды әңгімелеуден басталған.

«Түркі дәуіріне дейінгі әдеби жәдігерліктер» бөлімінде «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандарының тарихи құндылықтарына басты назарды аударады. Бұлардың алғашқы екеуін сақтардың қаһармандық дастаны, соңғыларын ғұндардың батырлық жырлары атаған.

«Түркі дәуіріндегі әдебиетте» «Күлтегін», «Тоныкөк», «Оғызнама» т.б. жырлар талданылған. Әл-Фарабидің, Қорқыттың, Ж.Баласағұнның, М. Қашқаридің, Қ.А.Иассауидің, С.Бақырғанидың, А.Йүнекийдің өмір жолдары мен шығармашылықтары таныстырылады.

«Қазақ әдебиеті тарихының» 3-ші томы XIII-XVIII ғасырлардағы дәуіріне арналған. «Алтын орда дәуірі әдебиеті» және «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» аталған бөлімдердің алғашқысында Хорезми, Құтб, Сәйф Сараи, Дүрбек, Әли, Әбілғазы Баһадүр, Қадырғали Жалайыри, Захириддин Мұхамед Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Дана Хиқар хикаясы жайлы академиялық әдебиет тарихында жеке тараулардың берілуі — бүгінгі әдебиеттану ғылымы үшін айтарлықтай табыс. Себебі түркі халықтарының көпшілігі бөлініп шығып, әлі еншісін ала қоймаған, дербес ұлт, мемлекет болып, қалыптаса қоймаған кездерде жасаған бұларды туған жеріне, болмаса тілінің жақындығына қарап, бір ғана ұлттың өкілі деп, меншіктеуге келмейді. Кітаптың екінші бөлімінде Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікаралардың жыраулық поэзиясы көшпелі тұрмыс тудырған ерекше бір өнер құбылысы ретінде зерттелінеді.

Бұл әдебиет тарихының тағы бір жаңалығы – мұнда қазақтың шешендік өнері жайлы тараулардың берілуі. Бұрындары түрлі себептермен онша зерттелінбей келе жатқан, зерттелінсе де, әдебиет тарихындағы өзіне лайықты құрметті орнын ала алмай келе жатқан қазақтың шешендік өнері жайлы осы кітапта «Шешендер шығармашылығы» (М.Жармұхамедұлы) туралы шолу мақаламен бірге, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Ақтайлақ билермен қатар, Сырым, Бөлтірік шешендердің өнерпаздық қырлары хақындағы тараулардың орын алуы да – құптарлық.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы дәуірге арналған «Қазақ әдебиеті тарихы» 4-ші томының басты өзгешелігі деп, мұнда бұрындары аттары аталып, поэзиясы сөз болып жүргенімен де әдебиет қайраткері ретінде шығармашылықтары арнайы зерттеу нысанына айналып, әдебиет тарихындағы өзіне лайықты орнын ала алмай келе жатқан Көтеш, Қобылан, Шал, Жанақ, Абыл, Түбек, Сабырбай, Ұлбике сияқты сөз дүлділдерінің арнайы тарауларда қарастырылуы дер едік.

Бесінші томның басындағы «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» тақырыбындағы негізгі тарауды әдебиетші А.Егеубаев жазған. Ағартушы демократтық бағытпен бірге осы кездерде сал-серілер поэзиясы, діни-ағартушылық ағым да қатар қамтылған. Сондай-ақ Мұрат Мөңкеұлының, Базар Оңдасұлының, Шәнгерей Бөкеевтің, Ақтан Керейұлының, Әріп Тәңірбергенұлының, Нұржан Наушабайұлының, Әсет Найманбаевтың өнерпаздық жолдары да кеңінен қарастырылған.

«Қазақ әдебиеті тарихының» алтыншы томы XX ғасырдың басындағы әдебиетке арналған. Кеңестік кезеңде сұрқылтай саясаттың салдарынан зерттелінбей, зерттелінсе де шет-пұшпақтап, теріс бағаланып келген осы бір бұрқ-сарқ қайнаған заман әдебиетінің жеке томда қарастырылуының өзі біраз нәрсені байқатқан. Бұл кітаптың негізгі мәселелері «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Абайдың әдеби мектебі», «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия» тарауларында көтерілген. Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғырұлы, С.Дөнентайұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Қараш, М.Сералин, М.Ж.Көпейұлы, Ж.Тілепбергенов, Б.Күлеев, М.Жұмабаев, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Н.Орманбетұлыларының шығармашылықтары арнайы сөз болған.

«Қазақ әдебиеті тарихының» жетінші, сегізінші, тоғызыншы томдары кеңестік кезеңдегі әдебиетке арналған. Қазақ кеңес әдебиетінің 20–30-жылдары жетінші томда, Отан соғысы және соғыстан кейінгі дәуірі сегізінші томда, соңғы (1956–1990) кезеңі томда қарастырылған. Бұл үш томда да кеңес дәуірі әдебиетін неғұрлым толығырақ қамтуды шолулық мақалалар жүзеге асырған. Сегізінші және тоғызыншы томдарда «Қытай және Монғолия қазақтарының әдебиеті» мен «Әдеби байланыстарға», тоғызыншы томда «Орыс тілді қазақ әдебиетіне» орын берілуі осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму өрісін неғұрлым ауқымды қамту, әлемдік әдеби өмір контексінде көрсету мақсатында өзін ақтап тұр.

Оныншы том «Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі» (1991–2001) деп аталады. Егемендік алғаннан кейінгі қазақ әдебиетінің даму жолдарына сараптама жасалынған бұл кітаптың жазылуына Ш.Елеуенов жетекшілік жасаған. Әлі айқындала қоймаған көркемдік-идеялық мәселелері баршылық болғандықтан, мұнда портреттік мақалалар жоқ, қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің елеулі шығармалары негізгі шолуда және жанрлық жүйемен түзілген тарауларда лайықты бағасын алған.

Түйіп айтар болсақ, он томдық академиялық «Қазақ әдебиетінің тарихы» сан ғасырлық қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан жүйелеген, әдеби мұраны бүгінгі күн биігінен қайта саралап, бағалаған, ұлттық әдебиетімізді әлемдік әдебиет контексінде қарастырып, әдеби-эстетикалық деңгейіміз қаншалықты деген сияқты сан сауалдарға ғылыми тұрғыдан жауап берген, өткеннің әдеби мұрасын игеру жолындағы ізденістерді қорытындылаған, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының өресін байқатқан іргелі еңбек болып қала бермек.

Қазақ әдебиетінің тарихын жанаша бағамдап, жаңа сөз айтқан іргелі зерттеулердің бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының күшімен шыққан екі томдық «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» болды. «Қазақ әдебиетінің тарихының» бірінші кітабы (2001) «Ертедегі көшпелі тайпалар тарихы» бөлімімен ашылған. Мұнда ертедегі қытай жазба деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиеті туралы сөзді біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV ғасырдағы түркілік тайпалардың сөз өнеріне қатысты мұраларынан бастаған. Осы дәуірлерде өмір сүрген көптеген түркілік ақындардың аттары анықталып, өлеңдері сөз болған.

Екі томдықтың қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөлуінде де бұрынғы жүйеден өзгешелік бар. XIX ғасырға дейінгі әдебиет «Ертедегі көшпелі тайпалар тарихы», «Ежелгі түрік әдебиеті (VI–XV)», «Қазақтың төл әдебиеті (XV–XVIII)», «XIX ғасыр әдебиеті», «Жаңа жазба әдебиет» бөлімдеріне жіктелген. Ал XX ғасырдағы қазақ әдебиеті XX ғасыр басындағы әдебиет және кеңес дәуіріндегі әдебиет болып бөлінген. Шетелдегі қазақ әдебиетіне жеке тарау арналған.

Бұл еңбек жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы ретінде жазылғандықтан да, қазақ әдебиетінің тарихын түгел қамтуды алдына міндет етіп қоймаған сияқты. Сонымен бірге әлі де зерттей, нақтылай түсуді қажет ететін тұстары, пікір таластыратын жерлері де жоқ емес. Десек те, толыққанды қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ізденістерде екі томдық «Қазақ әдебиеті тарихының қысқаша тарихы» өзіндік бағыты, өзіндік жүйесі бар, жанаша пікірлер айтқан елеулі еңбек болды.

Әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын дәуірлеу аса күрделі әрі үлкен маңызға ие мәселе. Себебі әдебиетті дәуірге бөліп, жүйелеп тану – өткен тарихи кезеңдердегі халықтың рухани болмысын тануға мүмкіндік береді.

Әдебиет тарихын дәуірге бөлу дегеніміз – тарихи сабақтастық дәстүріндегі даму жолын танып-білу үшін ең басты принциптің бірі. Осы қағидаға сәйкес қазақ әдебиетін тарихи дәуірлерге бөлудің жобасын алғашқы болып ұсынған Р.Мәрсеков, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, тағы басқа ғалымдар болды.

Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесіне қатысты біз бүгінде сонау XX ғасырдың басынан бастап Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Е.Ысмайылов, С.Қасқабасов, М.Мырзахметов, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Р.Нұрғали, Т.Кәкішев, Н.Келімбетов, Қ.Өмірәлиев, А.Қыраубаева, А.Егеубаевтардың ғылыми-теориялық тұжырымдарына сәйкес қазір қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі түркі ескерткіштері мұраларынан бастап қарастырып жатырмыз. Қазақ әдебиеті оқулықтар мен оқу құралдарында осы жүйемен берілген. Әрине, аталған ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор болды.

1959 жылғы әдеби мұра жөніндегі конференцияда қазақ әдебиетінің тарихына қатысты көп пікірлер айтылды, оның ішінде әсіресе көп талас тудырғанымен, кейін өміршендігін дәлелдеп шыққан ғалым Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихы орхон-енисей жазба ескерткіштерінен басталады деген тұжырымы еді. Сөйтіп, Б.Кенжебаев бастаған бір топ ғалымдар көне түркі әдеби мұраларын тілдік, әдеби-жанрлық, тарихи, дерекнамалық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, қазақ әдебиетінің тарихын VII ғасырға шегерді. Бұл кезінде Бұқар жыраудан басталған қазақ әдебиетінің тарихы үшін зор табыс болды.

Десек те заман өзгерді, заманмен бірге адам да жаңарды, қоғамдық сана өзгеріп, ғылым мен мәдениет дамыды. Ғылым бір орында тұрмайды, жаңа көзқарас, даулы пікірлер пайда болған сайын дамып, өзгеріп, жетіле түсетіні заңды құбылыс. Неғұрлым терең бойлап ізденген сайын соғұрлым тарих қойнауларындағы әр түрлі сырлар ашылып, жаңа пікірлер туындайды. Осының барлығы — әдебиеттің, оның ғылымының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Соның бірі – әдебиеттің тарихын жаңаша дәуірлеу, тың деректер мен пікірлермен толықтыра түсу, бүгінгі таңдағы қоғамтану ғылымының жетістіктерімен қаруланған, XXI ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағаттандырып толғандыра сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдебиет тарихын қайта жасау.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Б.Кенжебаевтың әдебиет тарихын зерттеу, дәуірлеу мәселесіндегі ғылыми тұжырымдамасы түпкілікті мойындалып, әдебиет тарихын зерттеу саласында жаңа биіктерге жол бастады. Н.Келімбетовтің («Ежелгі дәуір әдебиеті». 2005), Т.Еңсегенұлының («Көне түркі руна жазбасы». 2007), («Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары (архетиптері». 2001), У.Қалижанның («Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым». 1998), Қ. Мәдібаеваның («XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті». 2001), Б.Омаровтың («Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика». 2003), А.Шәріптің («Қазақ поэзиясы және ұлттық идея». 2003), А.Қыраубаеваның («Ежелгі әдебиет». 1999), И.Нұрахметтің («Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін». 2005), тағы басқа еңбектерінде, М.Мырзахметов, Б.Дәрімбетов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев мақалаларында қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің жаңа өрістері ашылды. Қазақ әдебиетінің тарихы араб, парсы, қытай деректерімен толығып, тарихтың тереңінде жатқан рухани мұралар баии түсті. Мұның барлығы да рухани мұраны игере түсу істерінің алдына жаңа міндеттер қояды. Әдебиеттің тарихын жаңаша пайымдаған зерттеулер көрініп, өзіндік пікірі бар жас зерттеушілер шыға бастады.

Тәуелсіздік таңының атуымен бірге жылдар бойы ақтандаққа айналып, есімдері аталмай келген «зар заман» ақындары мен Алаш арыстарының әдеби мұрасы ғылыми айналымға қосылып, өткеніміз мен әдебиетімізді азат ой, санаткерлік дүниетаныммен бағалауға мүмкіндік туды. Әдебиетіміздің арғы бастаулары мен түп төркініне үңілуге жол ашылды. Бұл өз кезегінде әдебиет тарихын дәуірлеу мен жүйелеуге де жаңа талаптар қойды. Т.Кәкішев айтқандай, «енді ағартушылық-демократтық және елшілдік бағыттағы әдебиеттерді біріктіріп, ағартушы-азатшыл әдебиет деп тұтастыру, ішкі ерекшеліктерін ашу керек. Ескі әдетпен жіктемей, жіліктемей тұтастыра қарап, жалпы тұжырымдама ұсыну қажеттілігі айқын сезілуде» [2; 181]. Осыған орай тәуелсіздік жылдары әдебиет тарихын дәуірлеуде, қазақ әдебиетінің әр кезеңдерін жекелей зерттеп, жүйелеуде алуан көзқарас пен соны пікірді арқау еткен зерттеулер жарық көрді.

Әдебиеттің тарихын жазу барысында оны жасау жолдары қандай, оны дәуірлерге бөлгенде, қандай ұстанымдар басшылыққа алынады, қандай талаптар қойылады деген ыңғайдағы біраз сауалдар туындайды. Қазір әдебиет тарихын дәуірлеудің негізгі үш жолы белгілі:

1. Хронологиялық.
2. Гетерогенді (азаматтық тарихпен орайлас.)
3. Автогенді (әдебиеттің өзіндік көркемдік дамуына қарай).

Зерттеушілер қазақ әдебиетінің әр дәуірін қарастырған еңбектерінде осы қағидаларды қажетіне қарай қолданып жүр. Яғни әдебиет тарихы мен оның жекелеген кезеңдерін дәуірлегенде нақты бір тұжырым, байлам жоқ. Осылардың ішінде көбірек қолданылып жүргені алғашқы екеуі деуімізге негіз бар.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің қазіргі таңда алғашқы екі түрі жеке-жеке де, бірігіп те қолданылып жүр. Екі томдық «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихында» ұлттық әдебиетіміздің ғасырлар бойы жүріп өткен жолы «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті», «Ежелгі түрік әдебиеті (VI)», «Қазақтың төл әдебиеті (XV–XVIII)», «XIX ғасыр әдебиеті», «XX ғасыр басындағы әдебиет», «Кеңес дәуіріндегі әдебиет» болып көрсетілген. Мұндағы 4-5 бөлімдердің атауы хронологиялық қағидаға сүйенсе, 1-3 және 6-бөлімдердің тақырыбы қазақ халқының азаматтық тарихын, басынан кешкен ауыр тағдырын еске түсіреді [3].

Тәуелсіздік жылдары әдебиеттанушы М.Мырзахметов әдебиет тарихын дәуірлеуде ғылыми негізді пікірлер білдіріп, тың ойларын ортаға салды. Ғалым «Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу жайында» атты проблемалық мақаласында ХҮІІІ–ХІХ ғасырлар аралығындағы қазақ әдебиетінің тарихын: 1) 1731–1822 жж.; 2) 1822–1867 жж.; 3) 1867 жылдан ғасыр соңына дейін деп, үш кезеңге бөліп қарастыра келе, «бұл кезеңдердің барлығына ортақ сарын – отаршылдыққа қарсылықтан туындаған құбылыстар болуы себепті, бұл дәуірді тұтас алғанда ондағы басты сарынды тудырып отырған саяси-әлеуметтік құбылыстар екенін ескере отырып, оны «отаршылдық дәуірдегі әдебиет» деп атаған орынды деп байыптайды [4; 85]. Өз кезегінде ХХ ғасыр басындағы әдебиетті «Ояну дәуіріндегі әдебиет» деп айқындай отырып, келешекте аталған кезеңді осылай атау қажеттігін алдыға қояды [4; 87]. «Зерттеушінің әдебиет тарихын дәуірлеудегі гетерогенді қағиданы ұстануы, отаршылдық дәуір әдебиетін халықтың азаматтық тарихымен сабақтастыққа алуы, ұлт тарихын танудың өзекті мәселесі тұрғысынан келгенін көрсетеді» деген пікірге біз де келісеміз [5; 112]. Дегенмен отарлық қамыты әлі түсе қоймаған 1731 жылдарды бұл дәуірге жатқызу қаншалықты дұрыс болып табылатындығын тағы бір тексеру артық болмайды деп ойлаймыз.

Профессор М.Мырзахметов «Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі» (2015) атты кейінгі мақаласында гетерогенді қағида аясында әдебиет тарихын дәуірлеудің соны сипаттағы, жаңа жолын ұсынады. Яғни ғалым қазақ халқының ұлт болып ұйысқанға дейінгі біртұтас түркілік кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі әдебиетін «тарихи алапат иірімдер» негізінде қарастырады. Яғни түсінікті тілмен айтқанда, түркі халықтарының (оның ішінде қазақ халқы да бар) тарихи дамуындағы әлемдік деңгейдегі үш ірі оқиғаны басшылыққа алып, әдебиетті де осыған сай жүйелейді: «а) ғұндар мен сақтардың, одан тараған түрік қағанаттары қытай, парсы жұртымен бетпе-бет келуі (бірінші алапат иірім); ә) түрік халықтарының парсы жұртын жаулаған арабтармен бетпе-бет келуі (екінші алапат иірім); б) Тұран өлкесі халықтарының Ресей империясымен бетпе-бет келуі (үшінші тарихи алапат иірім)» [6]. Әдебиетші күллі түркі жұртының рухани болмысы, мәдениеті мен әдебиеті осы «адуынды тарихи иірімдердің шеңберінде» дамып, қалыптасты деген пікірді алға тартады. Осы үш аса ірі тарихи «иірімді» негізге ала отырып, М.Мырзахметұлы әдебиет тарихын төмендегідей дәуірлейді: 1) б.з.б. VII ғ.–б.з. V ғ. (Алып Ер Тоңа туралы жоқтау жырынан түркі жазбаларына дейін); 2) V–VIII ғғ. (түркі дәуірі); 3) IX–XII ғғ. (Қараханидтер дәуіріндегі әдебиет); 4) XIII–XV ғғ. (Алтын орда дәуіріндегі әдебиет); 5) (Қазақ хандығы тұсындағы жыраулық әдебиет); 6) XVIII–XX ғғ. (отаршылдық дәуірдегі әдебиет); 7) XX ғ. басы (ояну дәуіріндегі әдебиет); 8) Кеңестік билік дәуіріндегі әдебиет (1917–1991); 9) Тәуелсіздік заманындағы жаңа әдебиет [6; 25]. Демек, М.Мырзахметұлы пікірінше, әдебиеттің даму дәуірлері көбіне қоғамдық-саяси даму тарихымен сәйкес келіп отырады екен. Мұнан шығатын қорытынды әдебиетті кезеңдерге бөлгенде, азаматтық тарихтың дәуірлерге бөлінуі барлық уақытта ескеріліп отыруы тиіс.

«Бірақ бұл деген тарихтың дәуірлерін сол күйінде әдебиеттің тарихына әкеліп қондыра салу деген сөз емес. Керісінше, әдебиет қоғамдық өмірдің аясында, белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүргенімен, оның да өнер ретінде өзіндік даму ерекшеліктері бар» [1].

Тағы бір мәселе есте болғаны жөн: әдеби дәуірлердің арасында қатып қалған «шегара» жоқ, ол «шегараның» өзі де жылжымалы. Әдеби дәуірлердің ара жігі уақытпен межеленетін болса, сол уақыттар кейде ондаған жылдарға дейін ары-бері жылжып тұратын жағдайлар жиі кездеседі. Себебі әдебиет те — бір-бірімен тұтасып, ұласып жатқан жанды құбылыс. Сондықтан да бір-бірімен жалғасып жатқанды бірден кесіп тастауға келе бермейтіндігі тағы бар.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ әдебиетінің «шегарада тұрған» қайсы бір ірі өкілдерін дәуірлерге жатқызғанда, ойланатын кейбір мәселелер бар. Мысалы, 2002 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің

қысқаша тарихында» (жалпы редакциясын басқарған профессор Т.Кәкішұлы) Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытовты XX ғасыр басындағы әдебиетке жатқызса, он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихының» 7-ші томында 20–30-жылдарға, яғни кеңес әдебиетінің өкіліне жатқызыпты. Алғашқы еңбекте негізінен әдебиетті дәуірлеудің көркемдік-идеялық сыпаты басшылыққа алынса, екіншісінде тарихи хронологияны ұстанғаны байқалады.

Біздіңше, Мағжан мен Жүсіпбек – кеңес әдебиетіне дейінгі XX ғасырдың басындағы әдебиеттің, яғни ұлт-азаттық бағытты ұстанған Алашорда әдебиетінің, көрнекті өкілдері. Өйткені бұлардың шығармашылықтары ғасыр басында ұлт-азаттық идеяны көтеріп шыққан А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров сынды әдебиет алыптарымен үндес. Оның үстіне бұларды танытқан атақты шығармалары кеңестік кезеңде емес, сол дәуірде жазылды. Сондықтан да бұларды Ахмет, Мыржақыптың тобымен бірге атап, бір бағыттағы, бір сипаттағы шығармашылықтарын бір ыңғайда қарастырған жөн.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің үшінші жолы – әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін, сапалық даму жолдарын басшылыққа алып отыру. Профессор Өмірхан Әбдиманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (2002) атты монографиялық көлемді зерттеуінде осы дәуір әдебиетін іштей тағы да діни-ағартушылық, ағартушы-демократтық, ұлт-азатшыл бағыттарға жіктеген. Бұл жерде зерттеуші осы кезді үш бағыттағы біртұтас үдеріс ретінде қарастырып, әдебиеттің өзіне ғана тән көркемдік дамуын басты назарда ұстаған. Ғалым ғасыр басындағы әдебиетті ғылыми тұрғыдан саралағанда, қоғамдық-саяси өмірдің салдарынан туындаған ұлттық әдебиеттегі сапалық өзгерістерге қарай жіктеуі, әдебиетті идеялық-көркемдік бірлікте қарастыруы оңтайлы шыққан.

Әдебиет тарихын дәуірлеудегі ізденістің бірі Б.Дәрімбетовтің «Қазақ әдебиетінің тарихына қайта оралуымыз керек» атты мақаласында көрінді. Әдебиетші әдебиет тарихын «ортақ түрік әдебиеті, жыраулар әдебиеті, отаршылдық кезеңдегі әдебиет» деп үш кезеңге бөледі [7; 10]. Бұларды өз ішінен «мұсылман дәуіріне дейінгі ортақ түрік әдебиеті және мұсылман дәуіріндегі ортақ түрік әдебиеті» деп, отаршылдық кезеңдегі әдебиетті «отаршылдыққа қарсы әдебиеті, отаршылдыққа мойынсұнған әдебиет» деп бірнеше бөлікке бөледі. Яғни зерттеуші VIII–XV ғасырдағы түркі әдебиетін ислам дінінің әсеріне қарай жіктесе, жыраулық дәуір әдебиетін Асан Қайғыны шекара етіп, идеялық сарынына қарай екіге бөледі. Ал Бұқар жыраудан тәуелсіздік кезеңіне дейінгі аралықты тұтас отаршылдық кезеңі әдебиетіне жатқызады. Автордың дәуірлеудің тарихи, автогенді принциптерін қолдана отырып, түркі, жыраулар кезеңі жөніндегі ұстанымы көкейге қонымды деуге болады. Бірақ отаршылдық кезеңіндегі жекелеген бағыттар мен ағымдар зерттеу нысанынан тыс қалған. Ал жетпіс жыл бойғы Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетін жалпылама сипаттағы отаршылдық кезеңі әдебиетіне қосып қарағаннан гөрі жеке әдеби дәуір ретінде қарау орынды болмақ. Себебі «Кеңес әдебиеті, бұрынғы Одақ тұрғысынан қарасақ, бірқатар тәжірибе жинап, ұлт әдебиеттеріне ортақ жаңа сапалар, өлшемдер енгізгенін» жоққа шығара алмаймыз [8; 141].

«Кеңес үкіметі өмір сүрген 70 жылдан артық мерзім – біздің бастан кешкен тарихымыз» деген пікір ұстана отырып, Совет дәуіріндегі қазақ әдебиетін терең зерделеген академик С.Қирабаев «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу мен жаңаша пайымдау» атты зерттеу мақаласында осы кезең әдебиетін жекелеген кезеңдерге бөледі [8; 140]: 1) 20-жылдардағы қазақ әдебиеті; 2) 30-жылдар әдебиеті; 3) Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет; 4) соғыстан кейінгі дәуір әдебиеті (1946–1959); 5) 1956–1965 жылдар әдебиеті (Жылымық кезең); 6) 60-жылдардан тәуелсіздікке дейін (1965–1990). «Әрине, қазақ әдебиеті дамуын осылай жіктеу, дәуірлеу шартты. Қандай да болмасын, дәуірлеу, кезеңге бөлудің жалпы шарттылығын ескерсек, дәл осы күйде жүйелеу бірсыпыра шындыққа жақын келетінін көреміз» деген ғалымның пікірін қостауға болады [8; 166]. Бұл, бір қарағанда, әдебиет тарихының хронологиялық тізбесі болып көрінгенімен, Совет үкіметінің орнауы мен кеңес әдебиетінің тууы, социалистік реализм әдісінің орнығуы, Ұлы Отан соғысы, партияның XX съезі, жылымық, тоқырау жылдары сынды халықтың тарихи тағдыры мен әдебиеттің сапалық өзгерістерін қоса қамтуға ұмтылған дәуірлеу болып табылады.

Алаштанушы, профессор Д.Қамзабекұлы XIX–XX ғасырлардағы күллі әдеби-мәдени, тарихи процестерді қарастыра келе, «Алаш және әдебиет» еңбегінде әдебиеттануда алғаш рет қазақ ағартушылығына тоқталып, оны жекелеген дәуірлерге бөледі. Қазақ ұлттық ағартушылығын Батыс пен Шығыс, Орыс және Мұсылман ағартушылығы контекстінде, әлемдік ағартушылықтың бір бөлігі ретінде қарастырады. Әдебиетші «Ендеше, әлем халқының барлығы дерлік бастан өткерген Ағартушылық кезеңі қазақта да бөлшектенбей, тұтас көрінгенін түйсінуге жөн тәрізді» дей отырып, әдебиетті дәуірлеу аясында қазақ ағартушылығын «Бастапқы ағартушылық» (1860–1890), «Негізгі

ағартушылық, немесе Алаш ағартушылығы» (1890–1920)», Инерциялы ағартушылық (1920–1929)» деп үшке бөледі [9; 5]. Зерттеуші әсіресе Қазақ ағартушылығына ерекше әсер етіп, дем берген жәдитшілдік, милләтшілдік сынды ағымдарға тереңірек тоқталып, XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының ағартушылық іс-әрекеттерін жете талдайды. Сол арқылы сол тұстағы әдеби-тарихи процеске өзіндік бағасын береді. Қазақ ағартушылығы бірыңғай Ресей ағартушылығы арқасында пайда болған деген қағиданы жоққа шығарады. Қазақ ағартушылығының тұйықталып, соңына жетуін «Біздің білетініміз: 1929 жылы күллі Алаш зиялыларына бағытталған саяси репрессия басталды. Бұдан кейін олар әдебиетке, шығармашылық өмірге қайта орала алмады. Бұл – Алаш ағартушылығының, руханияттағы елшілдіктің үзілген межесі. Әрі қарай қазақ ұлтын «ағартуды» Кремль бірыңғай өз қолына алды», — деп қортындылайды [9; 123].

Қазақ әдебиетінің тарихы қай кезден басталады, Қазақ хандығы құрылып, жеке ұлт, мемлекет болып, тарих сахнасына шыққан XXV ғасырдан ба, әлде қазақтың құрамына кірген ру-тайпалардың арыда жатқан терең тарихынан ба деген сауалдарға келгенде, әлі де түркілік тұрғыдан, қазаққа қатысы жағынан салыстыра отырып, ғылыми жағынан зерттей, нақтылай түсуді қажет ететін тұстары баршылық.

Токсаныншы жылдарда жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» әдебиет тарихын V–VII ғасырлардағы сына жазуларынан бастаған. Екі мыңыншы жылдары шыққан он томдықта қазақ әдебиетінің тарихын, көне грек тарихшысы Геродоттың деректеріне сүйене отырып, біздің жыл санауымызға дейін үш мың жылдай бұрын өмір сүрген сақтардың қаһармандық дастандарынан бастаған [10; 17].

Қазіргі әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиетінің мың жарым жылдық тарихы жасалып отыр. Бүгінгі таңда ғалымдар сақ, ғұн замандарына барып, одан да бұрынғы «Авеста», «Гильгамеш» кітаптарындағы ортақ сарындарға барлау жасауда. Кейбір зерттеушілер қазақ әдебиетінің тарихын біздің дәуірімізден бес мың жыл бұрынғы шумер ескерткіштеріндегі жазбалардан бастап жүр. Ал шумерлердің кезінде аса дамыған өркениетті ел болғандығын соңғы зерттеулер дәлелдеп отыр.

Осы бағытта бірқатар ғалым-ізденушілер (А.Қыраубайқызы, И.Нұрахметұлы, Т.Еңсегенұлы) соны пікірлер, тың ойлар білдіруде. Айталық, А.Қыраубаева көне түркі әдебиетінің алғашқы әдеби мұралары ретінде заманымыздан бұрынғы (сақ, ғұн, үйсін дәуірі б.з.д. VII ғ.–б.з. IV ғ.) жазу-сызулары мен аңыз-жырларын, атап айтқанда, Алып Ер Тұңға, Тұмар патшайым, Мөде батыр, Зарина патшайым туралы аңыз-жырларды атайды. Еңбекте осы дәуірдің өз ерекшеліктерін ескере отырып, жеке ескерткіштердің ой-мұраты, мән-мағынасы, қазақ әдебиетімен үндестігі талданады.

Т.Еңсегенұлы қазақ әдебиетінің түпкі арналарын (архетиптерін) зерттей келе, оның негізі дала пайғамбары атанған Зоротуштра негізін қалаған зороастризм дінінің қасиетті кітабы «Авестадан» бастау алатындығын айтады.

«Авеста» — Таяу Шығыс халықтарының, көшпелілердің мәдениеті, әдебиеті, діні, салт-дәстүрі мен көне тарихының сырлы бесігі болып танылған қасиетті шығарма екендігін, түгелдей миф-аңыздарға құрылып, көркем әрі нанымды суреттелетіндігін архетип пен мифті арнайы зерттеген К.Г.Юнг, Фриммен Джон, Т.Манн, А.Пятигорский, А.Ф.Лосев, А.Н.Ждан, Л.П.Гримак сияқты ғалымдардың еңбектері мен бабаларымыздың табынған Тәңірлік діні туралы Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан сынды қазақ ғалымдарының ой-пікірлеріне сүйеніп саралай келе, автор төмендегідей қорытындылар жасайды:

– қазақ әдебиеті тарихының архетиптері Орта Азия, Таяу Шығыс ғалымдарының даналық мұрасы аталған «Авеста» шығармасына жинақталған;

– «Авеста» кітабы көне түркілер дәуірлеп, күшті мемлекет болған тұста – Тәңірлік дәуірде жазылған;

– «Авеста» кітабы туып, қалыптасуына бағзы замандағы бабаларымыздың даналық ойлары, шешендік сөздері, солар қалыптастырған мифтер, жыр, толғаулар арқау болған;

– зороастризм дінінің поэзия тілімен жазылған «Авеста» кітабы Сырдария мен Әмударияның Арал теңізіне құяр аралығында Хорезм өңірінде жасалған;

– көне түркілердің Тәңірлік дінінің негізі — «Авеста» шығармасында жазылған. «Авеста» кітабында Зороастризм діні мен Тәңірлік дінінің арасында айырмашылық білінбейді;

– «Авеста» кітабы Орта Азияны мекендеген көне түркілер мен Таяу Шығыстың бірталай халықтарының ортақ мұрасы» [11; 49].

Сөйтіп, Т.Еңсегенұлы қазақ әдебиетінің бастау арналарын б.з.д. VII ғасыр деп таныса, осы бағытта И.Нұрахметұлы қазақ әдебиетінің тарихын ұлыстық кезеңнен, яғни сақ-ғұн дәуірінен, б.з.д. X ғасырдан бастап қарастырады.

«...Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесі күні бүгінге дейін ғылыми шешімін таппай, өзінің ғылым ретінде табиғи даму-марқаю дәрежесінен әлдеқайда кенже қалып отыр», — дейді И.Нұрахметұлы [12; 4]. Бұл монография көне қытай, соғды, ұйғыр, қадым жазуларында қатталып қалған ескерткіштер мен жазбалардағы, қолжазбалардағы әдеби нұсқалардың негізінде, сол мұралардағы көркем ойды іріктей отырып жазылған.

Қай халықтың болмасын әдебиетінің тарихы мифтерден, қарапайым жазбалардан басталатындығын ескере отырып, «қазақ әдебиетінің тарихын Түркі қағанаты тұсындағы жазбалардан бастау, кезінде аса ірі жаңалық болғанына қарамай, бүгінгі заман талабына жауап бере алмайды. Сондықтан әдебиет тарихы сол халықты құраған ру-тайпалар өмір сүрген дәуірден, тіпті сол ру-тайпаларды құраған жеке адамдардың бейнелі тілінен басталады деу орынды», — дейді [12; 51].

Ғалым хронологиялық ұстанымға, этностың даму барысына сүйене отырып, қазақ әдебиеті тарихын төмендегідей топтастырады:

I. Ұлыстық дәуір әдебиеті (б.з.д. X ғ. – XV ғ.).

II. Ұлттық дәуір әдебиеті.

I. Ұлыстық дәуір әдебиетін өз ішінен екі кезеңге жіктейді:

1. Ерте заман әдебиеті (б.з.д. X ғ. – б.з. VI ғ.):

а) сақтар дәуірі әдебиеті;

ә) ғұндар дәуірі әдебиеті;

б) Үйсін-Қаңлы дәуірі әдебиеті.

2. Ортағасырлар әдебиеті (VI ғ. – XV ғ.):

а) Түркі қағанаты тұсындағы (ұлыстық Ояну дәуірі) әдебиет;

ә) қанаттас қағанаттар дәуірі әдебиеті;

б) Алтын орда дәуірі әдебиеті.

II. Ұлттық дәуір әдебиетін өз ішінен екі кезеңге жіктейді:

1. Қазақ хандығына дейінгі әдебиет.

2. Қазақ хандығынан кейінгі әдебиет.

а) Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет;

ә) отарлық дәуір әдебиеті;

б) социалистік дәуір әдебиеті.

Автор Сақ дәуірі әдебиетінің қайнар көзі ретінде грек, парсы тарихи жазбаларындағы сақтарға тән деректер, аңыз-әңгімелерін («Томирис», «Бақташы Шырақ», «Зарина мен Странгия», «Токсарит туралы сырлар», «Дандамид пен Әмизок»); Сақтар жазуымен (көне түркі жазуымен) сақтардың өз тілінде жазылған бірді-екілі жәдігерлер («Есік жазуы»); Ескі қытай жазбаларында сақтарға қатысты сақталған деректерді (қытай саяхатшысы Му Тияньзы Боғда тауында тұратын сақ еліне келгенде сақ патшасының анасына кездесіп, айтқан өлеңдерін жазып алған.

Ғұн дәуірінен қалған әдеби мұраларға автор сол дәуірдегі аңыздарды (Тәңірқұт Мөдә туралы), өлең-жырларды, эпистолярлық жанрдағы мұраларды (Мөдә тәңірқұт б.з.д. 192 жыл хан патшалығының әйел патшасы Лүйхуға жазған хаты, Күйік Тәңірқұттың хан Удеге жазған хаты) жатқызады. Үйсін-Қаңлы дәуірі әдебиетінің бастау көзі деп автор Үйсін дәуірі аңыздары («Елжау күнби аңызы») мен қытай жылнамаларындағы деректерді көрсетеді.

Ойымызды түйіндесек, әрине, қазір жоғарғы, орта мекеп оқулықтарында, негізгі оқу құралдары, іргелі еңбектерде қазақ әдебиетінің тарихы көне түркі ескерткіштерінен бастау алатындығы айтылады. Ал бүгінгі әдебиеттану ғылымында ойландыратын, ойға ой қосуды талап ететін мәселе туындап отыр. Ал бір кездері қазақ әдебиетін XVIII ғасырдан (Бұқар жыраудан) кейін шегеріп, әдебиет тарихын көне түркі заманының орхон-енисей ескерткіштерінен бастап қазақ әдебиетінде қандай жаңалық болса, ендігі кезеңде әдебиеттануда оның тарихын Сақтардан бастау қаншалықты орнығып, теориялық тұрғыдан бекуі уақыт пен жаңа зерттеу жұмыстарының еншісінде. Бұл жәдігерлер әлі тілдік, әдеби-жанрлық, стильдік, тарихи тұрғыдан зерттеп, талдауды қажет етеді. Осыған сәйкес әдебиет тарихының бастаулары турасындағы әртүрлі пікірлерді бір жүйеге түсіру қажет. Егер жоғарыда аталған мұралар әр қырынан қазіргі қазақ әдебиетінің түп-тамыры, төркіні ретінде дәлелденіп, ғылымда қазақ әдебиеті тарихының бастауы болып орнықса нұр үстіне нұр болар еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ысқақұлы Д. Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері / Д. Ысқақұлы. Ақпараттық-танымдық порталы. — 2012. — 20 наур. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: turkiya.kz/.
- 2 Кәкішев Т. Санадағы жаралар / Т. Кәкішев. — Алматы: Қазақстан, 1992. — 264 б.
- 3 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2001. — 389 б.
- 4 Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар / М. Мырзахметұлы. — Алматы: Санат, 1998. — 368 б.
- 5 Жұмағұлов А. Қазақ әдебиетін дәуірлеу тарихы / А. Жұмағұлов. — Қарағанды: «Tengri» Ltd, 2012. — 154 б.
- 6 Мырзахметұлы М. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі / М. Мырзахметұлы // Жұлдыз. — 2015. — № 2.
- 7 Дәрімбетов Б. Қазақ әдебиеті тарихына қайта оралуымыз керек / Б. Дәрімбетов // Қазақ әдебиеті. — 1997. — № 23.
- 8 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет / С. Қирабаев. — Алматы: Ғылым, 2001. — 447 б.
- 9 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет / Д. Қамзабекұлы. — Астана: Фолиант, 2002. — 474 б.
- 10 Қазақ әдебиетінің тарихы: [Он томдық]. — 2-т. — Алматы: Ғылым, 2006. — 545 б.
- 11 Еңсегенұлы Т. Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары (архетиптері): филол. ғыл. д-ры дис. ... автореф.: 10.01.02 – «Қазақ әдебиеті» / Т. Еңсегенұлы. — Астана, 2001. — 35 б.
- 12 Нұрахметұлы И. Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін (б.з.д. X ғ. — XVIII ғ. дейін) / И. Нұрахметұлы. — Астана: ЕҰУ, 2005. — 195 б.

Ж.К. Смағұлов, К.К. Бажикеев

Проблемы повторного изучения и периодизации истории литературы на этапе независимости

С обретением нашей страной независимости вся духовно-культурная сущность, литература и история обрели новое русло. В годы независимости казахское литературоведение начало работу по исправлению ранее допущенных ошибок. Переоценивание и периодизация целой истории нашей литературы с точки зрения современности превратились в актуальную проблему для казахстанского литературоведения. На основе исследований, новых изысканий и взглядов литературоведов-ученых определились истоки казахской литературы, в соответствии с закономерностями литературы дифференцировались и обогащались различные этапы истории литературы. В статье оценены и проанализированы работы литературоведов, как С. Кирабаев, Т. Какишев, М. Мырзахметов, А. Кыраубаева, Т. Енсегенұлы, И. Нурахмет. Подробно рассмотрены достижения и допущенные ошибки, роль в оценке представителей разных этапов истории литературы, а также проанализирован многотомник «Қазақ әдебиетінің тарихы», который был разработан группой из литературоведов с целью создания многотомника по истории казахской литературы, соответствующего требованиям новой эры.

Ключевые слова: литературоведение, история литературы, литературное наследие, периодизация, архетип, хронология, корни литературы.

Zh.K. Smagulov, K.K. Bazhikeev

Problems of re-studying and periodization of the history of literature at the stage of independence

Acquisition of independence of our country directed on the new channel all our spiritual and cultural essence, literature and history. In the years of independence and the science of Kazakh literary criticism began work on correction of earlier admitted. Overestimation and periodization of the whole history of our literature from the point of view of modernity has become an actual problem of the science of Kazakh literature. On the basis of research and new research, the views of literary scholars identified the origins of Kazakh literature, in accordance with the laws of literature differentiated and enriched the various stages of the history of literature and their drafters. The article evaluates and analyzes the research and new research conducted at the stage of independence, such literary critics as S. Kirabaev, T. Kakishev, M. Myrzakhmetov, A. Kyraubaeva, T. Yansegenuly, I. Nurakhmet. The article describes in detail the achievements and errors, role in the evaluation of representatives and the different stages of the history of the literature of the multi-volume «Kazakh debien of history», which was developed by a group of scholars whose aim was the establishment of a multi-volume history of Kazakh literature, meets the requirements of the new era.

Keywords: literary studies, history of literature, literary heritage, periodization, archetype, chronology, roots of literature.

References

- 1 Yskakuly, D. (2012). Adebiet tarikhyn zertteudin ozekti maseleleri [Actual problems of research of history of literature]. Informational and educational portal. 2012. 20 March. *turkiya.kz/*. Retrieved from *turkiya.kz/* [in Kazakh].
- 2 Kakishev, T. (1992). *Sanadahy zharalar [A wound in the public mind]*. Almaty: Kazakhstan [in Kazakh].
- 3 Kazak adebietinin kyskasha tarikhy. (2001). [A brief history of the Kazakh literature]. Almaty: Izdatelstvo Kazakh University [in Kazakh].
- 4 Myrsakhmetuly, M. (1998). *Turkistanda tuhan oilar [Thoughts of birth in Turkestan]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 5 Zhumagulov, A. (2012). *Kazak adebietin dauirleu tarihy [The periodization of the history of Kazakh literature]*. Karaganda: «Tengri» Ltd [in Kazakh].
- 6 Myrsakhmetuly, M. (2015). Kazak adebieti tarikhyn dauirleu maselesi [The problem of the periodization of the history of Kazakh literature]. *Zhuldyz*, 2 [in Kazakh].
- 7 Darimbetov, B. (1997). Kazak adebieti tarikhyna kaita oralumyz kerek [Need to return to the history of Kazakh literature]. *Kazak adebieti – Kazakh literature*, 23 [in Kazakh].
- 8 Kirabaev, S. (2001). *Ult tauelsizdihi zhane adebiet [The lessons of history and literature]*. Almaty: Hylym [in Kazakh].
- 9 Kamzabekuly, D. (2002). *Alash zhane adebiet [Alash and literature]*. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 10 *Kazak adebietinyn tarikhy [The history of the Kazakh literature]*. (Vol. 2). Almaty: Hylym [in Kazakh].
- 11 Ensegenuly, T. (2001). Kazak adebieti tarikhynyn arhy arnalary (arkhettipty) [Channels further history of Kazakh literature (archetypes)]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Astana [in Kazakh].
- 12 Nurakhmetuly, I. (2005). *Ulystyk adebietten ulttyk adebietke dein [To ethnic national literature]*. Astana: ENU [in Kazakh].